

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ

Қаржылық есептілік

*2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Жиынтық кіріс туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер	5-26

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ұлттық Нейрохирургия Орталығы» акционерлік қоғамының акционері мен басшылығына

Қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері жөніндегі есеп

Пікір

Біз «Ұлттық Нейрохирургия Орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі)* сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Ernst & Young LLP



Гульмира Турмагамбетова
Аудитор / Бас директоры
«Эрнст энд Янг» ЖШС

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы
№ 0000374 біліктілік куәлігі



Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілді

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7


2017 жылғы 1 наурыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылдың 31 желтоқсанына

Мың теңгемен	Ескер.	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	5.936.413	6.253.792
Материалдық емес активтер		19.954	23.943
Берілген аванстар	5	1.524.985	76.975
Басқа да қаржы активтері		41.580	41.580
Қаржылық жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек		5.957	—
		7.528.888	6.396.290
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	6	327.573	273.812
Дебиторлық берешек	7	70.856	87.290
Қысқа мерзімді депозиттер		—	1.896.912
Өзге де ағымдағы активтер		11.997	3.947
Ақша қаражаты мен оның баламалары	8	4.949.234	1.512.160
		5.359.660	3.774.121
Активтер жиыны		12.888.548	10.170.411
Капитал			
Жарғылық капитал	9	9.223.040	7.443.026
Қосымша төленген капитал	9	385.734	385.734
Резервтік капитал		23.525	23.525
Бөлінбеген пайда		407.921	542.152
		10.040.220	8.394.437
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Мемлекеттік субсидиялар	10	2.506.724	1.475.817
		2.506.724	1.475.817
Ағымдағы міндеттемелер			
Мемлекеттік субсидиялар	10	51.961	49.244
Кредиторлық берешек		24.303	67.140
Қызметкерлердің алдындағы берешек	11	66.277	81.513
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	12	199.063	102.260
		341.604	300.157
Капитал мен міндеттемелер жиыны		12.888.548	10.170.411

Басқарма Төрағасы



С.К. Акиулаков

Қаржы директоры

К.А. Каирленов

Бас бухгалтер

А.А. Ермаганбетова

5-22 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер.	2016 жыл	2015 жыл
Қызметтерді көрсетуден түскен түсім	13	4.867.092	4.130.118
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	14	(4.658.237)	(4.642.379)
Жалпы пайда / (залал)		208.855	(512.261)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	15	(371.926)	(335.779)
Мемлекеттік субсидиялардан кірістер	10	50.150	48.050
Басқа да кірістер	16	274.218	51.630
Басқа да шығыстар	16	(219.672)	(105.821)
Операциялық қызметтен болған залал		(58.375)	(854.181)
Бағамдық айырмадан болған (шығыс)/кіріс, нетто		(61.373)	1.465.593
Қаржылық кірістер		120.440	63.203
Салық салынғанға дейінгі пайда		692	674.615
Табыс салығы бойынша шығыстар	17	-	-
Есепті жылдағы пайда		692	674.615
Есепті жылдағы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Есепті жылғы жиынтық кіріс жиыны		692	674.615

Баскарма Төрағасы



С.К. Ақшулаков

Қаржы директоры

К.А. Қайрленов

Бас бухгалтер

А.А. Ермаганбетова

5-22 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	2016 жыл	2015 жыл
Операциялық қызмет			
Көрсетілген қызметтерден түскен түсімдер		3.834.311	3.631.133
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар		1.018.947	541.650
Алынған сыйақылар		125.961	61.808
Өзге де түсімдер		1.034.375	1.493.118
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(2.405.869)	(2.017.805)
Берілген аванстар		(67.563)	(59.575)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.441.006)	(1.464.939)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(443.580)	(283.842)
Өзге төлемдер		(1.130.889)	(272.647)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары		524.687	1.628.901
Инвестициялық қызмет			
Қысқа мерзімді банк салымдарын орналастыру		-	(1.896.912)
Банк салымдарын жабу		1.896.912	1.203.510
Қаржылық жалдау шарттары бойынша пәтерлерді сатудан түскен түсім		206.645	
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(1.920.035)	(1.205.275)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражатының ағымдары		183.522	(1.898.677)
Қаржылық қызмет			
Мемлекеттік субсидиялар	10	1.083.774	779.127
Акциялар шығару	9	1.780.014	-
Дивидендтерді төлеу	9	(134.923)	-
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары		2.728.865	779.127
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		3.437.074	509.351
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	8	1.512.160	1.002.809
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	8	4.949.234	1.512.160

ЕЛЕУЛІ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ

2016 жылы Компания «Мидың жаңа қабынулары мен функционалдық зақымдануларын стереотаксикалық радиохирургияға арналған радиотерапевтикалық кешен» медициналық жабдығын жеткізгені үшін 1.246.000 мың теңге сомасына тең 70% пайыз мөлшеріндегі аванстық төлемді жасады. Сондай-ақ 2016 жылы Компания «Магнитті-резонансты томограф» медициналық жабдықты жеткізгені үшін 278.985 мың теңге сомасына тең 30% пайыз мөлшеріндегі аванстық төлемді жасады (5-ескертіне).

2016 жылы Компания 2015 жылы сатып алынған негізгі құралдар үшін 21.322 мың теңгені төледі (2015 жылы 365.247 мың теңге төледі).

2016 жылы қаржылық жалдау шарттары бойынша құны 210.153 мың теңге болатын 30 дана көлемінде пәтерлер сатылды, әрі олар 206.645 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатымен төленді, сондай-ақ 3.508 мөлшеріндегі сома жұмыскерлердің жалақысынан ұсталды (5-ескертіне).

Басқарма Төрағасы

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



С.К. Ақиулақов

К.А. Қашпаев

А.А. Ермаганбетова

5-22 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Жинақталған залал	Жиыны
2015 жылғы 1 қаңтарға		7.443.026	385.734	23.525	(132.463)	7.719.822
Бір жылғы пайда		–	–	–	674.615	674.615
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		–	–	–	674.615	674.615
2015 жылдың 31 желтоқсанына		7.443.026	385.734	23.525	542.152	8.394.437
Бір жылғы пайда		–	–	–	692	692
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		–	–	–	692	692
Дивидендтерді төлеу	9	–	–	–	(134.923)	(134.923)
Жарғылық капиталға жарна	9	1.780.014	–	–	–	1.780.014
2016 жылдың 31 желтоқсанына	9	9.223.040	385.734	23.525	407.921	10.040.220

Баскарма Төрағасы



С.К. Акишулаков

Қаржы директоры

К.А. Қайрленов

Бас бухгалтер

А.А. Ермаганбетова

5-22 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы №268 қаулысына сай «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретінде құрылды. 2008 жылғы 9 желтоқсанда Компания мемлекеттің жарғылық капиталға жүз пайыздық қатысуымен «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» акционерлік қоғамына қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылды. Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 9 шешімінің негізінде «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ болып атауы өзгертілді.

2016 жылғы 31 наурызға дейін Компанияның жалғыз акционері «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ (бұдан әрі «ҰМХ») болды, әрі ол Үкіметтің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 162 Қаулысына және 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 04-1853 хатына сәйкес Компания акцияларының пакетін «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-ге (бұдан әрі «МемКом») берді. Бұл шара «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ-да 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №2855204 бұйрықпен тіркелді.

2017 жылғы 25 қаңтарда МемКом Компания акцияларының мемлекеттік пакетін иелік ету және пайдалану құқықтарын қабылдау беру актісіне сай ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне берді.

Жоғары білікті медициналық қызметтерді көрсету, нейрохирургия саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу, сондай-ақ жоғары білімнен кейін білім беру қызметтерін көрсету және біліктілікті арттыру Компанияның негізгі қызметі болып табылады.

Компания мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы 34/1.

Компанияның осы қаржылық есептілігін шығаруға Компания Басқармасының Төрағасы, Қаржы директоры және Бас бухгалтері 2017 жылғы 1 наурызда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік, *3-ескертедегі* есеп саясатында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тарихи құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі «теңге») жасалды, ал барлық сомалар, өзге көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңдық мағынаға дейін дөңгелектенді.

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни бухгалтерлік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ ол басшылықтан Компанияның есеп саясатын қолдану барысында пайымдаулар пайдалануын талап етеді. Пайымдауларды қолданудың барынша жоғары дәрежесін немесе барынша жоғары күрделілікті қолдануды болжайтын қызмет аялары немесе жорамалдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар *4-ескертеде* ашылып көрсетілген.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Бұл Компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы функционалдық валюта болып табылады. Компанияның қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Теңге Компанияның функционалдық валютасы және осы қаржылық есептілікті білдіру валютасы болып табылады.

Шетел валютасындағы операциялар алдымен есепті күнге қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады. Әділ күн бойынша шетелдік валютада бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын бағамдар бойынша қайта есептеледі.

2016 жылдың 31 желтоқсанына Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі «ҚҚБ») валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңгені құрады. Осы бағам 2016 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2015 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 339,47 теңге).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Компания 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері төменде қарастырылады. Жаңа стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2016 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Компанияның жылдық қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Әрбір жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»

14 ХҚЕС (IFRS) міндетті стандарт болып табылмайды, әрі ол қызметі тарифтік реттелуге жататын ұйымдарға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға рұқсат етеді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолдармен көрсетулері тиіс, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте бөлек жолдармен. Стандарт тарифтік реттеудің сипаты және соған байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. Компания есептілікті ХҚЕС бойынша дайындағандықтан, ал оның қызметі тарифтік реттеуге жатпайтындықтан бұл стандарт оның қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

11 ХҚЕС-ке (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік» - «Қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу» түзетулер

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бірлескен операциядағы қатысу үлесінің сатып алынуын ескеруін талап етеді, әрі оның қызметі бизнестердің бірігуін есепке алу үшін тиісті 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру» қағидаттарына сай бизнесті білдіреді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестері, егер бірлескен бақылау сақталып қалса, дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын түсіндіреді. Сонымен қатар, 11 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелік қосылды, соған сай бұл түзетулер, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) дәл сол бір түпкі бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алуға қатысты, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты қолданылады және перспективті негізде күшіне енеді. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені қарастырылатын кезеңде бірлескен операцияға қатысу үлестері сатып алынбады.

16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдаланушы шеңберінде пайдаланылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметінің (оның бір бөлігі актив болып табылады) нәтижесінде болатын экономикалық пайданың құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және материалдық емес активтерді амортизациялау үшін сирек жағдайларға ғана пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер перспективті негізде қолданылады және Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені Компания өзінің айналымнан тыс активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланбады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

16 ХҚЕС-ке (IAS) және 41 ХҚЕС-ке (IAS) «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» түзетулер

Түзетулер жеміс дақылдарының анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сай жеміс дақылдарының анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан былай 41 ХҚЕС-тің (IAS) «Ауыл шаруашылығы» қолданылу аясына жатпайды. Оның орнына соларға қатысты 16 ХҚЕС (IAS) ережелері қолданылады. Бастапқыда танылғаннан кейін жеміс дақылдары 16 ХҚЕС-ке (IAS) сай жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және бастапқы құны бойынша есепке алу моделін не болмаса қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін (піскеннен кейін) пайдалана отырып бағаланады. Сондай-ақ түзетулер жеміс ағаштарында өсетін өнім бұрынғысынша 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясында қалатындығын ұйғарады және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағаланды. Жеміс дақылдарына қатысты бар мемлекеттік субсидияларға қатысты 20 ХҚЕС (IAS) «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашып көрсету» қолданылады. Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені Компанияның жеміс дақылдары жоқ.

27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Жекелеген қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі»

Түзетулер ұйымдарға еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан ұйымдарға жасалған инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға рұқсат береді. ХҚЕС-ті қолданып жүрген және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерістерді ретроспективті қолдануы тиіс. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: кезеңі 2012-2014 жылдар

Бұл құжатқа келесі түзетулер кіреді:

5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет»

Активтердің (немесе есептен шығарылатын топтардың) есептен шығарылуы, әдетте, сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы жүзеге асырылады. Түзету есептен шығарудың бір әдісінен басқа әдіске өту есептен шығарудың жаңа жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын қолдану үзілмейді. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» ақпаратты ашып көрсету»

(i) Қызмет көрсету шарттары

Түзету, сыйақының төленуін көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіруі мүмкін екендігін түсіндіреді. Ақпараттың ашып көрсетілу қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ХҚЕС-ке (IFRS) жалғасып отырған қатысуға қатысты нұсқауларға сәйкес сыйақы мен келісімнің сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсету шарттарының қайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау амалдары ретроспективті түрде жасалуы тиіс. Дегенмен ақпараттың ашып көрсетілуі ұйым мұндай түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін қажет емес.

(ii) Қысқартылған аралық қаржылық есептілікте 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді қолдану

Түзету өзара есепке алу туралы ақпараттың ашып көрсетілуіне қойылатын талаптар, мұндай ақпарат соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпараттың едәуір жаңартуларын білдірген жағдайларды қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар (жалғасы)

19 ХҚЕС (IAS) «Қызметкерлерге төленетін сыйақы»

Түзету жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығы облигацияны шығарған ел емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығының жоқтығында мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті түрде қолданылады.

34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»

Түзету аралық кезеңдегі ақпарат аралық қаржылық есептілікте не болмаса аралық қаржылық есептіліктегі тиісті сілтемелерді көрсете отырып аралық қаржы есебінің басқа жерінде (мысалы, басшылыққа арналған түсіндірмелерде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) ашып көрсетілуі тиіс. Аралық қаржы есебіндегі өзге де ақпарат пайдаланушылар үшін аралық қаржылық есептілік сияқты дәл сондай талаптарда және сол мерзімде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылады.

Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХБЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- пайда мен зиян туралы және БЖК туралы есептегі(дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте(де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

10 ХҚЕС-ке (IFRS) , 12 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолдану» түзетулер

Түзетулер 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» инвестициялық ұйымдарға қатысты ерекшеліктерді қолдану кезінде туындаған мәселелерді қарастырады. 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну туралы талаптан алынып тастау, егер инвестициялық ұйым өзінің барлық еншілес ұйымдарын әділ құны бойынша бағаласа, инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын бас ұйымға қолданылатындығын түсіндіреді.

Сонымен бірге, 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландыруға өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы қызметтерді көрсететін инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы ғана шоғырландыруға жататындығын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділ құны бойынша бағаланады. 28 ХҚЕС-ке (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» түзетулер инвесторға үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде оның қауымдасқан ұйымы немесе инвестициялық ұйым болып табылатын бірлескен кәсіпорны еншілес ұйымдардағы өзінің қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені Компания инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылмайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, күнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, біркатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Компания талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандарттың толық ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалануды жоспарлап отыр. 2016 жылы Компания 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын алдын ала бағалады, әрі соның нәтижелері жалғасып отырған барынша толық талдаудың қорытындылары бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен бірге, Компания ХҚЕС жөніндегі Кеңес 2016 жылғы сәуірде шығарған түсіндірмелерді назарға алып, келешекте өзгерістерді қадағалап отырады.

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс.

7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

7 ХҚЕС-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулер ХҚЕС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамаларының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда, ұйымның жекелеген қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына қаржы қызметімен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Бұл түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулердің қолданылуы Компанияның қосымша ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)**

12 ХҚЕС-ке (IAS) «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» түзетулер

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасын олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады.

Ұйымдар мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайда мен кезең басындағы меншікті капиталдың басқа құрамдастарының арасында бөлместен кезең басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мойындалуы мүмкін. Мұндай босатуды қолданатын ұйымдар бұл фактіні ашып көрсетулері тиіс.

Бұл түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым мұндай түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданатын болса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

2 ХҚЕС-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер

ХҚЕС жөніндегі кеңес 2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер» түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция ақша қаражатымен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндетті емес, дегенмен барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сақтау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта Компания бұл түзетулердің қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалауда.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-ге (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)***16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)*

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

2017 жылы Компания 16 ХҚЕС-тің (IFRS) өзінің қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жоспарлап отыр.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету және амортизация мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды. Сол сияқты, негізгі техникалық байқау жасалған кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар оларды көтеру сәтін жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген құны, егер резервті келешек шығындарға мойындау критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына жатқызылады.

Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы қаржылық есептілік күніне бар тиісті ақпаратты көрсетеді. 2013 және 2014 жылдардың ішінде басшылық активтерді пайдалану әлеуетін қайта қарауға байланысты пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажеттілігін айқындады. Пайдалы қызмет ету мерзіміне қатысты болжамдардағы өзгерістер «Есеп саясаттары, есепті бағалау мен қателердегі өзгерістер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде тікелей желілік әдіспен былайша есептеледі:

Ғимарат және құрылыстар	20-60 жыл
Медициналық жабдық	5-20 жыл
Машиналар мен басқа да жабдықтар	4-10 жыл
Көлік құралдары	5-10 жыл
Өзге негізгі құралдар	5-20 жыл

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды немесе олардың едәуір құрамдасын баланстан есептен шығару олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті есептен шығарудың нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (шығудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) актив есептен шығарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

Активтің өтімділік құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында талданады және қажет болғанда түзетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қорлар**

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Әр өнімді межелі жерге дейін жеткізу және оны лайықты күйге келтіру кезінде болған шығындар ФИФО әдісімен ескеріледі.

Өткізудің таза құны аяқтауға арналған белгілі бір шығындарды және өткізуге қажетті белгілі бір шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет тәртібімен өткізу құны ретінде айқындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – келесі өлшемдердің ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын Компанияның әрбір ААЖБ үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Жалғасып жатқан қызметтің құнсыздануынан болған шығындар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда), қайта бағалау басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалғанда бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған активтің функцияларына сәйкес келетін шығыстар санаттарының құрамында жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Мұндай жағдайда құнсызданудан болған зиян бұрын жасалған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық зиян құрамында танылады.

Компания әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды осылайша қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Қаржы активтері*Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС-тің қолданылу аясындағы қаржы активтері пайда немесе зиян; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржы активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Бастапқы мойындау және бағалау (жалғасы)*

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Компания өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, дебиторлық берешек және қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерін кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

«Пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудаға арналған қаржы активтері және пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 39 ХБЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды құралдар жатады.

Жекелеген ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері әділ құны бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал әділ құнының өзгерістері қаржылық кірістер мен қаржылық шығындар құрамында мойындалады.

Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржы активтері жоқ.

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқы мойындалғаннан кейін осындай түрдегі қаржы активтері құнсызданудан болатын шығындар шегеріле отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып айқындалатын амортизациялық құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланудың негізіндегі амортизация ағымдағы жылдың қаржылық кірістерінің құрамына қосылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар құнсыздану негізделген кезеңде қаржылық шығындардың құрамында мойындалады.

Тіркелген немесе айқындалатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Компания оларды өтеу мерзіміне дейін тиянақты түрде ұстап қалуға ниет білдіргенде және соған қабілетті болғанда, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін өтелімдік құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан түскен кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар қаржыландыру бойынша шығындардың құрамында мойындалады. Компанияның 2015 жылдың 31 желтоқсанында және 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдердің ішінде өтеуге дейін ұсталатын инвестициялары болмады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары үлестік және борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік инвестициялар – саудаға арналған деп те, сол сияқты пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп те жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – Компания белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар. Компанияның 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдерде сатуға арналған инвестициялары болмады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы ағымдағы құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

Әрбір есепті күнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады. Бұрын мойындалған резервті қалпына келтіру резервтегі азаю ол мойындалғаннан кейінгі оқиғалармен тікелей байланысты. Шығынның құнсызданудан осылайша қалпына келуі кіріс ретінде мойындалады.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян; несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар мен несиелер болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек кіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Одан кейінгі бағалау*

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

«Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Саудалауға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық кредиттер мен заемдар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зиян арқылы мойындалады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Олармен сауда әрбір есепті күні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуға, ал нетто-сомасы қаржылық жағдай туралы есепте және мына жағдайларда ұсынылуға жатады:

- қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға айтарлықтай заңды құқық болғанда;
- нетто-негізде есептесуді жасау не болмаса активтерді өткізу және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда ұсынылады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және бастапқы өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Мемлекеттік субсидиялар**

Егер мемлекеттік субсидия алынады және барлық ілеспе шарттар орындалады деген негізделген сенімділік болса, олар мойындалады. Егер субсидия белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол жүйелі негізде өтелуге тиіс болатын тиісті шығыстар сияқты дәл сол кезеңдердегі кірістер ретінде мойындалуы тиіс. Егер субсидия активті қаржыландыру мақсатында берілсе, ол кейінге қалдырылған кіріс ретінде мойындалады және тиісті активті болжамды пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең үлестермен жыл сайын жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Компания субсидияны монетарлық емес нысанда алған жағдайларда, актив пен субсидия номиналды құны бойынша жалпы сомаларды ескеріліп, тиісті активті болжамды пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең үлестермен жыл сайын жиынтық кіріс туралы қаржылық есепте көрсетіледі. Егер қарыздарды немесе соған ұқсас субсидияларды мемлекет немесе сонымен байланысты ұйымдар қолданыстағы нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша берсе, мұндай қолайлы пайыздық мөлшерлеменің ықпалы қосымша мемлекеттік субсидия болып есептеледі.

Түсімді мойындау

Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдылығы болса және түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады. Түсім, жеңілдіктер мен басқа да салықтарды немесе сату баждарын шегере отырып, алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Қызметтерді көрсету

Қызметтерді көрсету және жұмысты орындау нәтижесінде түскен кіріс сомасы алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша айқындалады. Көптеген жағдайларда өтемақы ақша қаражаты немесе оның баламалары күйінде беріледі.

Сыйақы бойынша кіріс

Кіріс пайыздардың есептелуіне қарай мойындалады (қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің ішінде күтілетін келешек ақша ағындарын қаржы активінің таза ағымдағы құнына әкелетін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша).

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар әділ құны бойынша танылады. Компаниялардың бірігу жағдайынан басқа, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты шығыстар кез келген табыс салығын шегере отырып, капиталдан есептен шығарылады.

Қосымша төленген капитал

Капиталға қосымша жарна ретінде алынған негізгі құралдар, материалдық емес активтер және тауар-материалдық қорлар қосымша төленген капитал ретінде мойындалады және бастапқыда мойындалған кезде әділ құны бойынша ескеріледі. Мұндай активтер Компанияның қаржылық есептілігінде Компанияға активтерді пайдаланумен байланысты пайдалар мен тәуекелдерді беру сәтіне мойындалады. Одан әрі, берілген активтердің есебінен акциялар шығарылған кезде шығарылған акциялардың номиналды құны қосымша төленген капиталдан жарғылық капиталға аударылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПІКІРЛЕР**

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және қаржылық есептілікті дайындау күніне шартты активтер мен міндеттемелердің ашылып көрсетілуіне әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және шартты активтер мен есепті кезең ішіндегі міндеттемелерді пайдалануды басшылықтың пайдалануын талап етеді. Ең маңызды есепті бағалаулар төменде қарастырылады:

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасаудың әрбір күнінде Компания негізгі құралдарды құнсыздану мәніне қайта қарайды. Егер құнсызданудың мұндай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтердің тобын жыл сайын құнсыздану мәніне тестілеу қажет болатын жағдайда Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жүзеге асырады. Активтің өтелетін құны – бұл мына шамалардың ең үлкені: сатуға жұмсалатын шығынды және активті пайдалану құндылығын шегере отырып, ақша ағындарын генерациялайтын активтің немесе бөлімшенің әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы генерациялайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив генерацияламаса ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер тобы үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Негізгі құралдардың құнсыздануын анықтау құнсыздану себебін, мерзімін және сомасын қамтитын, бірақ шектелмейтін пайымдауларды пайдалануды болжайды. Құнсыздану қайта бәсекелік орта, саланың күтілетін өсімі, болашақта қаржыландыруға қол жеткізудегі өзгерістер, технологиялық ескіру, қызметтер көрсетуді тоқтату, орнын басуға ағымдағы шығындар және құнсызданудың болуын көрсететін басқа да жағдайлардың өзгеруі сияқты факторлардың көп болуына негізделеді.

Өтелетін сома және әділ құн, әдетте, нарыққа қатысушының негіздемелі болжамын қамтитын ақша қаражатының дисконтталған ағыны әдісінің көмегімен анықталады. Құнсыздану көрсеткіштерін белгілеу, ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалау және активтердің (немесе активтер топтарының) әділ құнын анықтау ақша қаражатының күтілген ағындарының, қолданылатын дисконт ставкасының, пайдалы қызмет мерзімі және қалдық құнның құнсыздану көрсеткіштерін анықтау мен растауға қатысты мәнді пайымдауларды басшылықтан талап етеді.

Компания мемлекеттік бағдарламалардың аясында денсаулық сақтау нарығында өз қызметін жүзеге асырады. Тиісінше, Компания басшылығы Компанияның халыққа қызмет көрсете алу қабілетінің деңгейі сияқты көрсеткіш Компанияның рентабельділігіне (кірістілігіне) әдеттегі тестінің орнына пайдаланылуы мүмкін деп жорамалдайды. Халыққа қызмет көрсету қабілетінің деңгейі қаржылық, сол сияқты әлеуметтік-саяси факторларға негізделуі мүмкін. Осылайша, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 3.247 пациентке (2015 жылы – 3.228 пациентке) медициналық қызмет көрсетті. Тиісінше, Компанияның басшылығы 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық есептілікте көрсетілгеннен басқа, қандай да бір құнсыздану белгілері жоқ деп есептейді (5-ескертпе).

3-ескертпеде көрсетілгендей Компания әрбір есепті кезеңнің соңына негізгі қаражатты пайдалы қолдану мерзімдерін қарастырады. Активті пайдалы қолдану мерзімін бағалау экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсартулар және басқа да іскерлік шарттар сияқты факторларға тәуелді болады. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы мұндай қаржылық есептіліктің күніне тиісті ақпаратты көрсетеді. Пайдалы қызмет ету мерзіміне қатысты болжамдардағы өзгерістер *«Есеп саясаттары, есепті бағалау мен қателердегі өзгерістер»* 8 ХБЕС-ке сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПІКІРЛЕР (жалғасы)****Табыс салығы бойынша шығыстар**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 254-бабына сәйкес медициналық қызметтер қосылған құн салығынан босатылған. Сондай-ақ Топ ҚР Салық Кодексінің ережелеріне сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелерді есептейді және атап айтқанда, ҚР Салық Кодексінің әлеуметтік салада қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу туралы 135-1 бабының нормаларын қолданады.

ҚР Салық Кодексінің 135-бабының 1-тармағына сай: әлеуметтік салада қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығын айқындау кезінде ҚР Салық Кодексінің 139-бабына сәйкес есептелген салық сомасын 100 пайызға азайтады.

Компания ҚР Салық Кодексінің 135-бабының 2-тармағына сай әлеуметтік салада қызметті жүзеге асырғанын назарға ала отырып, өтеусіз алынған мүлік пен депозиттер бойынша сыйақы күйіндегі кірістерді ескере отырып солардан түскен кірістер жиынтық кірістің кем дегенде 90 пайызын құрады және бұл ретте Компания есепті кезеңде таза кірісті немесе мүлікті қатысушыларға бөлген жоқ, Компания корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есептемеді және келешек кезеңдерде салық салынатын пайданы алудың белгісіздігіне орай осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте мерзімі ұзартылған салық бойынша активтерді мойындамады (17-ескерте).

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

Мың теңгемен	Үйлер мен ғимараттар	Мед.жабды қ	Машинала р мен жабдықтар	Көлік құралдары	Өзге негізгі құралдар	Аяқталмағ ан құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн							
2015 жылдың 31 желтоқсанына	3.702.990	3.682.663	365.547	44.119	812.786	130.590	8.738.695
Түсімдер	-	142.147	24.467	2.125	25.060	646.229	840.028
Есептен шығару	-	(102.485)	(8.647)	(1.958)	(17.313)	-	(130.403)
Басқа активтерге аударым	-	(149)	-	(616)	-	-	(765)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	3.702.990	3.722.176	381.367	43.670	820.533	776.819	9.447.555
Түсімдер	-	218.454	49.028	-	41.358	107.531	416.371
Есептен шығару	-	(29.797)	-	-	-	-	(29.797)
Басқа активтерге аударым	(237.509)	-	-	-	-	-	(237.509)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	3.465.481	3.910.833	430.395	43.670	861.891	884.350	9.596.620
Жинақталған амортизация							
2015 жылдың 1 қаңтарына	(453.628)	(1.275.481)	(216.340)	(34.592)	(718.786)	-	(2.698.827)
Бір жылға есептелгені	(99.164)	(343.379)	(42.546)	(3.961)	(31.860)	-	(520.910)
Құнсыздану	-	(77.736)	-	-	-	-	(77.736)
Есептен шығару	-	75.561	8.601	1.958	17.590	-	103.710
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(552.792)	(1.621.035)	(250.285)	(36.595)	(733.056)	-	(3.193.763)
Бір жылға есептелгені	(95.578)	(332.716)	(46.302)	(3.201)	(30.381)	-	(508.178)
Есептен шығару	-	21.225	-	-	-	-	21.225
Басқа активтерге аударым	20.509	-	-	-	-	-	20.509
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(627.861)	(1.932.526)	(296.587)	(39.796)	(763.437)	-	(3.660.207)
Қалдық құны							
2015 жылдың 31 желтоқсанына	3.150.198	2.101.141	131.082	7.075	87.477	776.819	6.253.792
2016 жылдың 31 желтоқсанына	2.837.620	1.978.307	133.808	3.874	98.454	884.350	5.936.413

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

2016 жылғы 18 қаңтарда Басқарманың №2 Шешімімен Компания жұмыскерлерінің 33 пәтер көлемінде қызметтік пәтерлерді сатып алу құқығымен жалдау шарттарын жасау туралы шешім қабылданды, соның нәтижесінде бұл пәтерлер 217.000 мың теңге мөлшерінде негізгі құралдардан басқа активтерге аударылды. «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік меншікке берілуіне орай жұмыскерлер пәтерлерді мерзімінен бұрын сатып алу ниетін білдірді. 2016 жылы тұрғын-үй комиссиясының оң шешімінің негізінде пәтерлер құны 210.153 мың теңге болатын 30 дана көлемінде сатылды, әрі олар 206.645 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатымен төленді, бұл ретте 3.508 мөлшеріндегі соманың қалған бөлігі жұмыскерлердің жалақысынан ұсталды.

Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2016 жылғы мамырда Компания «Диагностика Центральная Азия» ЖШС-пен «Мидың жаңа қабынулары мен функционалдық зақымдануларын стереотаксикалық радиохирургияға арналған радиотерапевтикалық кешен» медициналық жабдығын жеткізуге арналған шартты жасады. Шарт талаптары бойынша 1.246.000 мың теңгеге тең болатын шарттың жалпы сомасының 70% пайызы мөлшерінде аванс төленді. Шарттың қалған сомасы 2017 жылғы 31 қазанға дейінгі мерзімде төленеді.

Сондай-ақ 2016 жылы Компания «Медикус-Евразия» ЖШС-пен Магнитті-резонансты томографты сатып алуға арналған шартты жасап, 278.985 мың теңгеге тең болатын 30% пайызы мөлшерінде авансты төледі. Шарттың жалпы сомасының 70% пайызы мөлшеріндегі қалған соманың төлемі жабдық өтінім берілген күннен бастап 120 күннің ішінде жеткізілгеннен кейін жасалады.

2015 жылы Компания 76.975 мың теңге мөлшерінде медициналық жабдық үшін авансты төледі. Бұл сомалар берілген басқа да ұзақ мерзімді аванстарда көрсетілді.

6. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауар-материалдық қорларға мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Медициналық шығыс материалдары	149.044	101.371
Хирургиялық қорлар	68.947	63.706
Дәрі-дәрмектер	38.204	46.157
Шаруашылық тауарлары	15.525	3.431
Қосалқы бөлшектер	10.584	12.000
Химиялық реактивтер	10.576	23.148
Қатқыл мүкәммал, ыдыс-аяқ	8.379	7.321
Сатуға арналған пәтерлер	7.498	-
Жұмсақ мүкәммал	6.969	14.613
Зертханаларға арналған материалдар	6.504	2.400
Отын	2.499	3.787
Есептеуіш техникаға арналған материалдар	2.429	333
Кеңсе тауарлары	1.785	345
Азық-түлік тағамдары	-	72
Басқа	4.072	635
Өтімді емес қорлар бойынша резервті шегере отырып	(5.442)	(5.507)
	327.573	273.812

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

Дебиторлық берешекке мыналар жатады:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі (19-ескертуге)	49.722	66.085
Үшінші тараптардың дебиторлық берешегі	21.134	21.205
	70.856	87.290

Дебиторлық берешек пайызсыз болып табылады және 30-90 күннің ішінде өтелуге жатады. 2016 жылдың 31 желтоқсанына дебиторлық берешек құнсызданбаған және дебиторлық берешекті өтеу мерзімі шарттық өтеу мерзімдерінен аспайды.

8. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар жатады:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Есеп айырысу шоттарындағы қолма-қол ақша - АҚШ доллары	3.313.033	1.474.250
Есеп айырысу шоттарындағы қолма-қол ақша - теңге	1.634.971	37.365
Кассадағы қолма-қол ақша	1.230	545
	4.949.234	1.512.160

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгемен ағымдағы шоттар бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі жылдық 6% (2015 жыл: жылдық 4,5%) болды және камсыздандыру ретінде кепілге қойылмаған (2015 жыл: нөл теңге).

9. КАПИТАЛ**Жарғылық капитал**

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және тіркелген жарғылық капиталы әрқайсысы толғымен 9.223.040 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатымен төленген номиналды құны 1000 теңге болатын 9.223.040 дана жай акциядан тұрды.

2016 жылғы 11 наурызда 1.780.014 мың теңге (2015 жыл: нөл) сомаға 1.780.014 дана көлемінде № А5718 нөмірімен бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды.

Қосымша төленген капитал

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қосымша төленген капиталы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 385.734 мың теңге сомасына негізгі қаражат күйіндегі жарнамен білдірілген (2015 жыл: 385.734 мың теңге).

Дивидендтер

2016 жылдың маусымында Компания ҰМХ Жалғыз акционері шешімінің негізінде 2015 жылдың қорытындылары бойынша 134.923 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді жариялап, төледі.

2015е 2014 жылдардың 31 желтоқсанына Компания дивидендтерді жарияланған жоқ және төленген жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯЛАР**

Мемлекеттік субсидиялар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
1 қаңтарға	1.525.061	793.984
Бір жылда алынғаны	1.083.774	779.127
Пайда мен зияндарда көрсетілгені	(50.150)	(48.050)
Жиыны	2.558.685	1.525.061
Минусы: мемлекеттік субсидиялардың қысқа мерзімді бөлігі	(51.961)	(49.244)
Мемлекеттік субсидиялардың ұзақ мерзімді бөлігі	2.506.724	1.475.817

Компания 929.950 мың теңге мөлшерінде «МРТ» медициналық жабдықты сатып алуға, 140.623 мың теңге мөлшерінде ғимараттың шатырын жөндеуге және 13.201 мың теңге сомасында басқасына мемлекеттік субсидиялар алды. Компанияның мұндай субсидияларға байланысты қандай да бір орындалмаған шарттары немесе шартты міндеттемелері жоқ. 2016 жылдың ішінде Компания тиісінше сатып алынған негізгі құралдардың амортизация сомасының шегінде басқа да кірістердің құрамында жиынтық кіріс туралы есепте 50.150 мың теңгені мойындады (2015 жылы: 48.050 мың теңге).

11. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АЛДЫНДАҒЫ БЕРЕШЕК

Қызметкерлердің алдындағы берешекке мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	44.671	63.110
Еңбекақыны төлеу бойынша берешек	19.303	16.761
Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	2.303	1.642
	66.277	81.513

12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа да ағымдағы міндеттемелерге мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да кредиторлық берешек	162.475	96.912
Алынған аванстар	3.126	1.392
Басқа	33.462	3.956
	199.063	102.260

13. ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін көрсетілген қызметтерден түскен түсім келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жыл	2015 жыл
Медициналық қызметтер, оның ішінде:	4.252.995	3.689.935
Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі	466.323	368.690
Ақылы медициналық қызметтер		
Білім беру қызметі бойынша қызметтер, оның ішінде:	67.594	31.500
Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша қызметтер	30.567	31.875
Мемлекеттік тапсырыс	27.117	8.118
Ғылым	22.496	—
Ақылы білім беру қызметтері	4 867 092	4.130.118

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін сатудың өзіндік құны келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жыл	2015 жыл
Жалақы және тиісті салықтар	1.587.447	1.656.279
Хирургиялық қорлар	1.275.418	1.412.646
Тозу және амортизация	516.157	527.516
Медициналық шығыс материалдары	419.044	291.610
Дәрі-дәрмектер	122.365	107.702
Қызмет көрсету және жөндеу	111.884	210.834
Коммуналдық қызметтер	100.979	85.672
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	85.198	77.428
Азық-түлік тағамдары (тамақтануды ұйымдастыру)	55.848	53.419
Отын	2.767	1.921
Табыс салығынан басқа салықтар	1.217	1.030
Басқа	379.913	216.322
	4.658.237	4.642.379

15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстар келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жыл	2015 жыл
Жалақы және тиісті салықтар	318.228	287.453
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	18.525	18.246
Ұстау бойынша шығыстар	7.577	9.482
Банктің қызметтері	5.164	6.791
Консалтинг қызметтері	2.880	2.547
Іссапар шығыстары	1.178	1.051
Оқыту шығыстары	780	396
Оқыту шығыстары	742	164
Байланыс қызметтері	437	1.010
Кеңсе тауарлары	67	689
Тозу және амортизация	18	700
Табыс салығынан басқа салықтар	16.330	7.250
Басқа	371.926	335.779

16. БАСҚА ДА КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқа да кірістер мен шығыстар келесі баптарда көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жыл	2015 жыл
Басқа да кірістер:		
Активтердің шығуынан болған кірістер (пәтерлер - қызметкерлерге сату)	210.153	-
ҰМХ-дан өтеусіз алынған активтерден түскен кіріс	8.621	-
Басқа да кірістер	55.444	51.630
	274.218	51.630
Басқа да шығыстар:		
Активтердің шығуынан болған шығыстар (пәтерлер - қызметкерлерге сату)	210.153	-
Басқа да шығыстар	9.519	28.085
Активтердің құнсыздануы бойынша есептелген резерв	-	77.736
	219.672	105.821

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Бір жылғы табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2016 және 2015 жылдары 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:		
Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	692	674.615
Табыс салығының мөлшерлемесі	20%	20%
Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары	138	134.923
135-баптың 2-тармағына сай корпоративтік салықты түзету	(138)	(134.923)
Жиынтық кіріс туралы есепте берілген табыс салығы бойынша шығыстар	-	-

18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Қызметті жүргізу шарттары**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Компанияның қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Компанияның басшылығы ағымдағы жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Заңгерлік мәселелер

Компания сот істері мен сот шешімдерінің объектісі болуы мүмкін. Басшылық барлық ықтимал іскерлік мәселелерді шешу Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп есептейді.

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму сатысында және әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандыру қорғауының көптеген түрлері әлі де қолжетімсіз болып отыр. Компанияның кәсіби қызметтерді көрсетуі нәтижесінде туындаған зиянды өтеуге қатысты пациенттер мен үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілігі сақтандырылмаған. Компанияның жеткілікті сақтандыру өтемі болмайынша залал Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

Салық салу

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікірлер. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**19. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2016 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық, 2016 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылауы лайықты болып табылады және Компанияның салықтар бойынша ұстанымы расталады деген ықтималдылық бар деп есептейді.

Шарттық міндеттемелер

Компания Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтердің ақысын төлеу комитетінің Департаментімен «Мамандандырылған медициналық жәрдемді көрсету» 102 шағын бағдарламасы бойынша және «Жоғары мамандандырылған медициналық жәрдемді көрсету» 103 шағын бағдарламасы бойынша «Жергілікті деңгейде қаржыландырылатын жолдамаларды қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» 239 052 бюджеттік бағдарлама бойынша 2017 жылғы 1 қаңтардағы №4 тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің аясында медициналық қызметтерді қамтамасыз етуге арналған 2017 жылға шарт сомасы 3.415.525 мың теңгені құрайды. Шарттың талаптары бойынша Компания «Г ОБМП» бойынша 1.292 адамға медициналық жәрдемді қамтамасыз етуі тиіс.

Компанияның негізгі қаржы құралдарына ақша қаражаты мен олардың баламалары, банк салымдары, дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Компанияның қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекел несиелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Компания оның қаржылық құралдары бойынша туындайтын өтімділік тәуекелі мен нарықтық тәуекелді қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Компания бизнес жоспарлау кезінде қарастырылатын нарықтық конъюнктураның теріс өзгеруінің салдарынан пайда болуы мүмкін келешек зияндарды кезең-кезеңмен бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір жақ міндеттемені орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығын көтеруге мәжбүр ететін тәуекел.

Ақша қаражаты мен оның баламаларымен және қысқа мерзімді банк салымдарымен байланысты несиелік тәуекелге қатысты Компания тәуекелі қарсы агенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың баланстық құнына тең болады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияда қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Компания өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді.

2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық міндеттемелері өтеу мерзімі 3 айға дейінгі кредиторлық берешекпен көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**19. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Шетел валюталарында білдірілген банктік депозиттердің едәуір сомаларының нәтижесінде, Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепке шетел валюталарының айырбас бағамдарындағы өзгерістер едәуір ықпал ете алады.

Келесі кестелерде Компания кірісінің табыс салығына дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Компанияның капиталына ықпалы жок.

	АҚШ долларының айырбас бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейін табысқа әсері
<i>Мың теңгемен</i>		
2016 жыл	13,00%	430.694
	-13,00%	(430.694)
2015 жыл	60,00%	2.022.697
	-20,00%	(674.232)

Әділ құн

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына барлық қаржы активтері мен міндеттемелердің баланстық/(ағымдағы) құны шамамен олардың әділ құнына тең етіп бағаланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Компания актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ әділ құн көздерінің иерархиясын айқындады.

Әділ құны (жалғасы)

Топ қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты анықтау және жариялау үшін бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі.
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның 1-ші немесе 3-ші деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін қаржы құралдарының әділ құнының 1-ші, 2-ші және 3-ші деңгейлер арасында ауысулар болған жок.

Капиталды басқару

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып қызметтің бірізділігін қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Компания капиталының құрылымы негізінен төленген капитал, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталмен көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**20. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРПЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР**

Байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері, Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде едәуір дауыс беру үлесі тиесілі болатын ұйымдар, Акционер, Акционер мен Университеттің жалпы бақылау астындағы ұйымдар және Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын басқа да кәсіпорындар кіреді. Байланысты тараптармен мәмілелер міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге тараптар арасында келісілген шарттарда жасалды. Келесі кестеде 2016 жылы байланысты тараптармен жасалған операциялардың жалпы сомасы көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2016 жыл*	2015 жыл
Өткізуден түскен кірістер	4.465.988	3.747.631
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	103.094	250.298
Дебиторлық берешек (7-ескертпе)	49.722	66.085
Кредиторлық берешек	-	21.939
Мемлекеттік субсидия (10-ескертпе)	2.506.724	1.475.817

* Назарбаев Университетінің жалпы бақылауындағы Компаниялармен операциялар Топтан шығу күніне дейін көрсетіледі.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қызметтерді көрсетуден түскен түсім негізінен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің халыққа медициналық қызмет көрсету шығыстарын өтеумен білдірілді. 2016 жылы мұндай өтем сомасы 4.434.138 мың теңге болды (2015 жылы: 3.721.810 мың теңге).

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың шарттары мен мерзімдері

Байланысты тараптарға көрсетілген Қызметтер Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бағалардың негізінде жүзеге асырылды.

Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы

Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы құрылтайшылардың жиналыстарында және жоғары басшылық қызметкерлерді басқару саясатының, штаттық кестенің, жеке еңбек шарттарының, құрылтайшылар жиналыстары шешімдерінің және сыйлықақыларды есептеу туралы бұйрықтардың негізінде айқындалады.

Негізгі персонал 7 адамнан тұрады (2015 жылы: 9 адам). 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін Комп(анияның негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақы 80.788 мың теңгені және тиісінше 83.780 мың теңгені құрайды, әрі ол тиісінше жалақыдан және сыйлықақы төлемдерінен тұрады.

21. КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2017 жылғы 25 қаңтарда «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын қабылдау өткізу актісіне кол қойылды, соған сай акциялар пакетін беру бойынша процедуралар аяқталды. Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне.